

ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Ауған әкімі Фалымжан Маманбаевтың мерекелік құттықтауы

Құрметті аудан тұрғындары, қадірменді ардагерлер!

Баршаңызды тамырлас, тағылымдас қос мереке - Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын. Ортақ Отанымыздың басына қиын-қыстау күн туып, әрбір отбасына қайғы-қасірет әкелген Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына биыл 81 жыл толды. Толарсақтан қан кешіп, ұрпақ келешегі үшін жан алысып, жан беріскен шайқаста қаншама есіл ердің рухы өзге елде, жат топырақта жай тапты. Бірақ олардың есімдері, ерен ерліктері әрқашан жадымызда.

Ардақты ағайын! Кешегі неміс фашистерімен болған сұрапыл соғыста жауды қоғадай жапырып, ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, бізге бейбіт күн сыйлаған майдангерлерге және тыл ардагерлеріне мың алғыс айта отырып, тәуелсіз еліміздің қуатты армиясы күзеткен тыныштығымыз тұрақты болсын дейміз. Жеңісті жақындатуға үлес қосқан аға буын өкілдерінің есімдері, ерлік істері мәңгілік жадымызда сақталады. Баршаңызға ашық аспан, баянды бақыт тілейміз!



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №17 (95175) 8 мамыр 2026 ж.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ GITEХ AI CENTRAL ASIA & CAUCASUS КӨРМЕСІНЕ БАРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев GITEХ AI Central Asia & Caucasus 2026 халықаралық технологиялық көрмесін аралап көрді. Бұл әлемде цифрлық технологиялар мен инновациялар саласы бойынша ең ірі платформа-лар қатарындағы GITEХ жаһандық экокүйесінің бір бөлігі саналады.

Мемлекет басшысына AI-Farabium суперкомпьютерінің мүмкіндіктері мен оның базасында іске асырылған ондаған жобалар, соның ішінде «Қазақтелеком» АҚ байланыс орталығының тұтынушылар шағымын оператордың қатысуынсыз өңдейтін ЖИ-ассистенті таныстырылды. Бұл цифрлық шешім қоңырауды заңды тұлға немесе алаяқ шалғанын анықтап, оны антифрод колл орталыққа жібереді, осылайша, құқық қорғау органдарына ақпарат беруге көмектеседі.

Сондай-ақ Президентке банк жүйесіндегі жобалар жөнінде мәлімет берілді. Олар реттелетін, ашық және ауқымды цифрлық активтер экокүйесін құруға, инфрақұрылымды (крипто хаб) дамытуға және халық пен бизнеске қызметтердің толық спектрін ұсынуға бағытталған. Цифрлық активтер нарығын дамыту аясында Қазақстан қор биржасында (KASE) токен түрінде қаржы құралдарын шығару қарастырылып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа KEDEN,



SmartCargo ақпараттық жүйелері мен көлік-логистика саласындағы цифрлық жобалар көрсетілді. Атап айтқанда, KEDEN бірыңғай цифрлық платформа-сы кедендік бақылау үдерісін оңтайландыруға және жетілдіруге, сауда барысы мен шекарадан өтуді жеңілдетуге арналған.

Ал SmartCargo – кеден, көлік, Ішкі істер министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, фармацевтикалық және сауданы реттеу сервистерін біріктіретін логистикалық қызметтердің бірегей цифрлық терезесі. National Road Geoportals (KazMaps) мониторинг пен инфрақұрылымға арналған Қазақстан автожолдарының цифрлық картасын ұсынады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Алматы қаласының IT экокүйесімен және білім беру, маман даярлау, балалар қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіп пен жол-көлік қозғалысын бақылау секілді цифрлық шешімдермен танысты. Сонымен қатар Президент Орталық Азиядағы балаларға арналған алғашқы ғылыми музейді аралады.

GITEХ AI Central Asia & Caucasus 2026 көрмесіне 600-ден аса халықаралық компания, соның ішінде Cisco, Cloudflare, Google Cloud, Huawei, Dell, H3C Technologies, Lenovo, Trend Micro, Hikvision, HP, Noventiq, Redington, Salesforce, Vertiv және басқа да әлемдік технология көшбасшылары қатысуда.



Инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңес өткізгі

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде инвесторлар құқықтарын қорғау, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы тосқауылдарды жою және шетелдік капиталды тарту жұмысын күшейту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңеске мемлекеттік органдардың, ҚР Бас прокуратурасы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Kazakh Invest» ҰК» АҚ басшылары, квазимемлекеттік сектор мен бизнес өкілдері қатысты.

«Еліміздің инвестициялық ахуалын жақсарту мәселесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше назарында. Осы бағытта Үкімет алдында нақты мақсат-міндеттер тұр.

Өткен аптада ғана инвесторлар мен кәсіпкерлерді және жоғары білікті мамандарды тарту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында көші-қон саясатын жетілдіру туралы Президенттің Жарлығына қол қойылды. Бұл құжат елімізде қолайлы инвестициялық ортаны қалыптастыру ісінде маңызды қадам болып отыр және сапалы шетелдік адами капитал

тарту үшін жаңа институционалдық жағдайларды қамтамасыз етеді», — деп атап өтті ҚР Премьер-министрі Олжас Бектенов.

«Президент тапсырмасымен Бас прокуратура инвесторлардың құқықтарын қорғау бағытында кешенді жұмыстар жүргізуде.

(Жалғасы 2-бетте).

ОТАН

Жұбан
МОЛДАҒАЛИЕВ



Сенсің, Отан, қан майданда,
Сыйынарым, ұраным.
Күні-түні, әр қайда да,
Сені көріп тұрамын.

Түн түндігін түріп ашып,
Түнекті сен серпесің.
Алтын таңның нұрын ашып,
Кеңіл-күйін шертесің.

Қиял құсы ашып шыңнан,
Шырқап қанат қағады.
Сенен аспай, асса одан да,
Бір өзіңді бағады.

Бір өзіңде, кең кеудеңде,
Соққанда өз жүрегі.
Өрендерің сен дегенде,
Өлімге де жүреді.

Сенің досың - менің досым,
Саған қастар - маған қас.
Үйде болсын, түзде болсын,
Мен өзіңмен тағдырлас.

Сен қуансаң, мен қуанам,
Бірге өткізсем күзіңді.
Өз жүзіңнен ұлы анам,
Көремін өз жүзімді.

Көрген сайын білемін мен,
Қадірің де артады.
Махаббатты жүрегімнің,
Таразысы тартады.

Тіршілік жоқ сенсіз маған,
Тынысымсың, жанымсың.
Басқа кімге сенсін балаң,
Басқа кімге жалынсын?!

Шабарда да жаудың шебін,
Түспейсің сен ауыздан.
Қандырасың жанның шөлін,
Кек әперіп жауыздан.

Сенсің, Отан, майдандарда,
Сыйынарым, ұраным.
Күні-түні, әр қайда да,
Сені көріп тұрамын.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мәселелердің түпкі себептерін анықтау және жою бойынша әрекет ету шараларынан жүйелі алдын алу жұмыстарына көшуге баса назар аударылуда. Бизнесті қылмыстық процеске заңсыз тарту фактілері мерзімінен бұрын жолы кесілуде. 3 жыл ішінде бизнеске қатысты қылмыстық істер саны 4 есеге немесе 71,5%-ға азайды. Біз 3 мыңнан астам инвестициялық жобаны сүйемелдейміз. Инвесторлармен және іскер қоғамдастықпен тікелей байланысты тұрақты бақылауды қамтамасыз етеміз», — деп атап өтті ҚР Бас прокуроры Берік Асыллов.

Президенттің тапсырмасы бойынша Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, көп деңгейлі қолдау тетігі шеңберінде инвесторлар құқықтарын қорғау жөнінде кешенді шаралар қабылдауда. Жуырда ғана құрылған Бас прокуратураның Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, бизнесті толғандыратын мәселелерді жедел шешуге белсенді әрі нақты қатысуда. Үкімет жанындағы Инвестициялық штаб проактивті режимде жұмыс істеуде: биылғы бірінші тоқсан қорытындысы бойынша жалпы құны \$25,5 млрд-ты құрайтын 44 жоба қаралды. Инвестициялық штаб тапсырмаларының орындалуын бақылауды Бас прокуратура жүзеге асырады. Сонымен қатар барлық өңірде әкімдердің басшылығымен және прокурорлардың қатысуымен штабтар жұмыс істейді. Әкімдіктер тарапынан тоқсан сайынғы стратегиялық сессиялар өткізу тәжірибесі енгізілді, онда түйткілді мәселелер талқыланып, бизнеспен бірлесіп «инвестицияларға тапсырыстар» бекітіледі. Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Ұлытау облыстары және Алматы қаласында материалдарды дайындау деңгейі жоғары әрі 100% мақұлдау тіркеліп отыр.

Сыртқы істер министрлігі мен Бас прокуратураның өзара іс-қимылы аясында Инвестициялық жобаларды қолдау бойынша жол картасы әзірленді. Келісімшарттар жасау және сүйемелдеу рәсімдерін жетілдіру, жер телімдерін беруді оңтайландыру, сондай-ақ инвестициялық кураторлықты дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Инвесторлардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша кеңес өткізгі

Сонымен қатар Премьер-министр мемлекеттік органдар мен ұйымдар тарапынан жүйелі көзқарас пен жедел ден қоюды талап ететін мәселелер сақталып отырғанын атап өтті. Инвесторлар мен бизнес өкілдерінен келіп түскен өтініштерді қарау барысында жол беруге болмайтын жергілікті деңгейде көзбояушылық және әкімшілік созбалаңға салу фактілері бар.

Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ержан Ашықбаев ағымдағы жағдай туралы баяндады. Сыртқы істер министрлігінің мәліметі бойынша, биылғы бірінші тоқсанда Тізілімге инвесторлардан 273 өтініш түсіп, олардың жартысына жуығы оң шешімін тапқан. Олардың басым бөлігі салықтық әкімшілендіру, кедендік рәсімдер, жерді пайдалану, қала құрылысы және басқа да мәселелерге қатысты.

Бас прокуратураның Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Бауыржан Ералы осы жылдың 1 тоқсанында бизнестен келіп түскен 213 өтініш бойынша мәселелер шешілгенін хабарлады. Оның 40%-ы толығымен қанағаттандырылды, 50%-ы бойынша кәсіпкерлерге құқықтық түсініктемелер берілді. Комитеттің мәліметінше, биыл 600 инвестордың құқы қорғалған, бұл ретте бүгінгі таңда әрбір өтініш қайта бағыттаусыз қаралуда.

Осы ретте қабылданған оң шешімдердің қатарында Алматы облысындағы қағаз материалдарын өндіретін көпсалалы компанияны отандық өндірушілер тізіліміне енгізу, Атырау облысында ірі энергетикалық жобаны жүзеге асыратын инвестордың инженерлік желілерге қолжетімділігін қамтамасыз ету бар. «Инвесторлардан келіп түсетін әрбір өтініштің артында, шын мәнінде капиталды орналастыру, жаңа өндірістер ашу және қолданыстағы өндірістерді кеңейту, жаңа жұмыс орындарын құру туралы шешімдер тұрғанын үнемі назарға алу керек. Сондықтан инвесторлардың мәселелерін жедел рет-

теу — бұл мемлекеттік аппараттың инвестициялар тарту бағытындағы жұмысының тиімділігін көрсетеді.

Мемлекеттік органдардың өтініштерге жауап беруден жалтаратын немесе жауапкершілікті біріне бірі ысыратын лауазымды тұлғаларына қатысты ең қатаң шаралар қабылданатын болады. Бұл ұлттық компаниялар мен жалпы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына да қатысты. Мұнда екіұшты жауап болмауы керек — инвестордың әрбір өтініші нақты шешімді талап етеді», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды тежейтін себептердің жүйелі сипаты бар екенін атап өтті. Негізгі проблемалар мемлекеттік органдар арасында үйлестірудің жеткіліксіз болуымен, жауапкершілікті бөлудің бұлыңғырлығымен, мемлекеттік қызметтердің регламенттелген мерзімдерінің бұзылуымен және жергілікті жерлерде бақылаудың әлсіздігімен байланысты.

Әкімдіктердің жұмысына ерекше көңіл бөлінді. Өңір басшыларына негізгі инвестициялық жобаларды «қолмен басқару» режимінде сүйемелдеу, туындайтын кедергілерді уақтылы жою және инвесторларға жер учаскелерін, инфрақұрылымды және рұқсат құжаттарын беру кезінде көзбояушылыққа жол бермеу тапсырылды.

Сонымен бірге Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаны толтырудың баяу қарқыны да атап өтілді. Бүгінгі таңда ҰЦИП-қа жалпы сомасы шамамен 100 трлн теңгеге 3 мыңнан астам жоба енгізілді. Жүйеге 400-ден астам жоба әлі жүктелмеген, бұл аймақтардағы нақты ахуалды бұрмалайды.

«Инвестициялар үшін жаһандық бәсекелестік жағдайында біз, Президент қойған міндеттерге сәйкес, тұрақты әрі қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз етуіміз

қажет. Сондықтан ұлттық экономикаға инвестициялар тарту және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үдерісіне қолдау көрсету ісін жүйелі түрде жалғастыру керек. Осы тұрғыда процестерді цифрландыру — негізгі құралдардың бірі», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы Әсет Ерғалиев бизнес үшін әкімшілік кедергілерді анықтау және жою тәсілдерін ұсынды. Мәселен, Жалпыұлттық жоспар шеңберінде агенттік жасанды интеллекті қолдана отырып, заңнамаға ревизия жүргізеді және реттеуші интеллект платформасын әзірлейді. Бұл кәсіпкерлердің өтініштері негізінде артық және қайталанатын талаптарды, мерзімдердің созылуын, нормалардың екіұшты қолданылуын және мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінің сәйкессіздігін анықтауға мүмкіндік береді. Талдау қорытындысы бойынша рәсімдерді оңайлату, мерзімдерді қысқарту, процестерді цифрландыру және құқық қолданудың ашықтығын арттыру жөнінде ұсыныстар жасақталатын болады.

Премьер-министрдің кеңесшісі Әлішер Қожасбаев инвесторлармен өзара іс-қимылды жақсарту жөнінде ұсыныстар айтты. Отандық инвесторларға арналған «бірыңғай терезе» функциясын күшейту, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП-ның мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және өңірлермен анағұрлым тығыз байланыста жұмыс істеу қажеттігі атап өтілді.

«Kazakh Invest» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сұлтанғали Кенжеқұлов инвестициялық циклдің жаңа архитектура-сы шеңберінде сыртқы контурды күшейту тәсілдері туралы баяндады. Компания АҚШ, Германия, Қытай, Ресей, Түркия, Малайзия және Катар сияқты жеті негізгі елде толыққанды қатысуын қалыптастырды. Шетелдегі өкілдіктер «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін инвесторларды қолдау орталықтарына айналдырылады. Бұл ретте инвесторға жобаны пысықтау кезеңінде Қазақстанға келудің қажеті болмайды — мәселелер шетелдегі кеңселер арқылы сол жерде шешіледі.

Жиын қорытындысы бойынша Премьер-министр бірқатар тапсырма берді.

«Сиверс алма ағашының гүлдеуі» фестивалі жоғары деңгейде өтті

2026 жылғы 2 мамырда Жетісу облысы Сарқан ауданының Тополевка ауылы маңындағы «Жоңғар-Алатау» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында ерекше табиғи құбылысқа арналған «Сиверс алма ағашының гүлдеуі» фестивалі жоғары ұйымдастырушылық деңгейде өтті.



Ауқымды іс-шара өңірдің туристік әлеуетін арттыруға, экологиялық туризмді дамытуға, табиғи мұраны насихаттауға және әлемдік маңызға ие Сиверс жабайы алмасының табиғи қорын сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

Фестивальге 7 мыңнан астам адам қатысып, іс-шара аясында 50-ден астам блогер мен инфлюенсер Жетісу өңірінің туристік

әлеуетін кең аудиторияға танытуға үлес қосты.

Айта кету керек, Жетісу облысы — жер бетіндегі барлық мәдени алма сорттарының арғы тегі саналатын Сиверс жабайы алмасының негізгі табиғи таралу аймақтарының бірі. Ғалымдардың бағалауынша, аталған бірегей алманың әлемдік табиғи қорының шамамен 48 пайызы осы өңірде шоғырланған.

Фестиваль аясында қонақтарға гүлдеген Сиверс алма алқаптарын тамашалау мүмкіндігі ұсынылып, reіpaіғ форматындағы суретшілер байқауы, мәдени-көпшілік іс-шаралар, ұлттық спорт ойындары, қолөнершілер көрмесі, шеберлік сағаттары және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Бағдарламаның маңызды бөлігінің бірі халықаралық шығармашылық жоба болды. Оның аясында Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия және Қазақстаннан келген суретшілер өз туындыларын ұсынып, көрме қорытындысы бойынша мәдени байланыстарды дамытуға және өңірдің табиғи мұрасын өнер арқылы насихаттауға қосқан үлесі үшін марапатталды.

Фестивальдің басты музыкалық қонақтары — қазақстандық орындаушылар Вауансулу мен Қуандық Рахым өнер көрсетіп, мерекелік кештің шырайын аша түсті.

Қазақстанның республикалық іс-шаралар күнтізбесіне енген фестиваль өңірдің туристік имиджін нығайтуға, ішкі және келу туризмін дамытуға, сондай-ақ Жетісудың бірегей табиғи әлеуетін халықаралық деңгейде ілгерілетуге ықпал ететін маңызды мәдени-туристік алаң ретіндегі орнын тағы бір мәрте айқындады.



Отан қорғаушылар күні қарсаңындағы «Жас сарбаз барысы» республикалық турнирі

Отан қорғаушылар күні қарсаңында Жетісу облысында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған «Жас сарбаз барысы» атты республикалық турнир ұйымдастырылды.

Жарыстың ашылу салтанатына Жетісу облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Қасымов және республикалық балалар мен жасөспірімдердің «Жас сарбаз» әскери-патриоттық қозғалысының төрағасы Мейірбек Мендіғалиев қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша «Жас сарбаз барысы» атағын Павлодар облысынан келген Әли Төлеген жеңіп алды. Екінші орынды Жетісу өңірінің өкілі Мүслім Саятұлы иеленсе, үшінші орын алматылық Сұлтан Тұрдалиға бұйырды. Жүлдегерлер ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сол сияқты арнайы номинация үздіктеріне де сыйлықтар берілді. Атап айтқанда, «Үздік техника» номинациясында Қарағанды облысының балуаны Әлияр Түсіпов, «Жеңіске деген жігер» номинациясында Ақтөбе облысынан Бақдәулет Оразалы, «Жылдамдық шебері» аталымында Абай облысының өкілі Айсұлтан Әділмұрат, «Көрермен көзайымы» номинациясында Ақмола облысынан Әбілмансұр Қасым үздік деп танылды. «Ерік-жігерлі жас сарбаз» номинациясында Түркістан облысынан Дидар Кұлмахан марапатталды. «Үздік әдіс» аталымында Алматы облысының өкілі Әсет Айдынұлы жеңіске жетті. Ал «Темірдей төзімділік» номинациясы Астана қаласынан Нұрахмет Ермұратовқа табысталды. Турнирге қатысқан әрбір қатысушыға «Жас сарбаз» қозғалысы атынан арнайы сыйлықтар мен сертификаттар тапсырылды.

«Жас сарбаз барысы» турнирінің жеңімпазы Әли Төлеген пікірін білдірді:

— Осы жарыстағы қарсыласым мықты болды, яғни шешуші кезеңде мен Жетісу облысының спортшысымен күш сынастым. Турнирдің жеңімпазы болғанымға қуаныштымын. «Жас сарбаз» қозғалысының ұжымына жарысты жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғысымды білдіремін, — деді ол.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Фотосуреттерді Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі ұсынды.

Жуырда Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне байланысты ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Сарқан» шекара бөлімінің әскери қызметшілерімен кездесіп, бірқатар сауалдарымызға жауап таптық.



Әңгіме арқауы – ОТАН ҚОРҒАУ

Әңгіме барысында Екіаша шекара заставасының қызметтік иттердің аға нұсқаушысы Бауыржан Алпысбаев өз қызметінің маңызы жөнінде әңгімеледі. 15 жылдан аса қызметтік міндетін атқарып жүрген Бауыржан Берлібекұлы шекара қызметінің өзіндік қиыншылығына қарамай өзіне жүктелген жауапты міндетті қалтқысыз атқарып жүрген жанның бірі. Шекараны қорғау әр Қазақстан Республикасының азаматының міндеті екенін айтты. Әр азамат «бір қолдан жең шығарып, бір

жағадан бас шығарса» бірлесіп жұмыс жасаса еліміз мәңгілік боларына сенім білдірді. Сөз арасында Бауыржан Берлібекұлы әр жасөспірім әскери өмірді көріп, шыңдалса келешектегі өміріне негіз қаланатынын жеткізді.

Ал Басқан шекара бөлімшесі 2 мобильді топ басшысы Дәурен Құрманғалиев шекара қызметінің қырсыры жөнінде әңгімеледі. Сонымен қатар Дәурен Ағыбайұлы сөз арасында шекара қызметі сарбазының бір күні қалай өтетінін жан-жақты айтып берді. Дәурен Ағыбайұлы барлығы тәртіптен басталатынын, әсіресе бұл әскери өмірде қажет екендігіне тоқталып, әр сарбаз Бауыржан Момышұлы атамыздың «Тәртіпке бағынған құл болмайды» қағидасын басшылыққа алуы

керектігін айтты. Сол сияқты өз қызметінің маңызы, күнделікті әскери өмірі және Отан алдындағы жауапкершілік туралы ой бөлісті.

Сұхбатқа қатысушылар Ұлы Отан соғысы батырларының ерлігі әрқашан үлгі екенін атап өтіп, қазіргі ұрпақтың басты міндеті – ел тыныштығын сақтау екенін айтты. Әскери қызметшілердің пікірінше, тәртіп, тәзімділік және патриоттық рух – нағыз сарбазға тән қасиеттер.

Сонымен қатар, олар жастарды әскери қызметке құрметпен қарап, елін қорғауға дайын болуға шақырды. Сұхбат барысында Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімі ерекше көрініс тапты.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы жағдайында ұлттық құқықтық дәстүрлерді сақтау және тиімді пайдалану мәселесі ерекше өзектілікке ие. Қазақстанның сот төрелігі моделі тек халықаралық стандарттардың ықпалымен ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тәжірибесі негізінде де дамыды.

Осы тұрғыда әдет-ғұрып құқығының нормалары, «Жеті жарғы» заңдар жинағы және билер соты институты маңызды рөл атқарады.

Тарихи тұрғыдан алғанда, қазақ қоғамы қоғамдық қатынастарды әдет құқығы — ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын жазылмаған нормалар жүйесі арқылы реттеген. Бұл нормалар өмірдің барлық негізгі салаларын қамтыды: қылмыстық, мүліктік, отбасылық және руаралық қатынастарды. Бұл жүйеде басты назар жазалауға емес, әділеттілікті қалпына келтіруге және тараптарды татуластыруға аударылды. Мұндай тәсіл қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуға ықпал етті.

Құқықтық мәдениетте ерекше орын алатын «Жеті жарғы» XVII ғасырда Тәуке хан тұсында қабылданған заңдар жинағы болып табылады. Ол әдет-ғұрып құқығы нормаларын жүйелеп, қазақ мемлекеттілігінің дамуындағы



Ұлттық құқықтық дәстүрлер және қазақстандық сот төрелігі моделі

маңызды кезеңге айналды. Бұл құжат қылмыстық жауапкершілік, жер және мүліктік даулар, отбасылық қатынастар мәселелерін реттеді, сондай-ақ келтірілген зиян үшін құн институтын бекітті. Қатаң нормаларға қарамастан, «Жеті жарғы» дауларды бейбіт жолмен шешу мүмкіндігін сақтап қалды.

Дәстүрлі сот төрелігі жүйесінің ажырамас бөлігі билер соты болды. Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би сияқты тарихи тұлғалар әділдік пен даналықтың символына айналды. Билер мемлекеттік билікпен тағайындалмаған, олар халық тарапынан адалдығы, әдет-ғұрыпты білуі және шешендік өнері үшін танылған. Сот процестері ашық және ауызша түрде жүргізілді, ал негізгі мақсат жаза тағайындау емес, тараптарды татуластыру болды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республика-

сы құқық үстемдігі, сот тәуелсіздігі және адам құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделген заманауи құқықтық жүйені қалыптастыруда. Соған қарамастан, тарихи дәстүрлермен сабақтастық сақталуда. Атап айтқанда, тараптар арасындағы келісімге қол жеткізуге бағытталған медиация институтының дамуы билер тәжірибесімен үндес келеді.

Осылайша, ұлттық құқықтық дәстүрлер Қазақстанның құқықтық мәдениетінің маңызды бөлігі болып қала береді. Олар тек тарихи құндылық қана емес, сонымен қатар сот төрелігі жүйесін одан әрі жетілдірудің негізі болып, оның тұрақтылығы мен қоғам тарапынан сенімін қамтамасыз етеді.

Ұ. МАМЫТБЕК,
Сарқан аудандық сотының төрағасы.

•101 ескертеді

Не допустите взрыв бытового газа

С целью недопущения взрывов бытового газа Отдел по ЧС Сарканского района напоминает:

1. Поручите установку, наладку, проверку и ремонт газовых приборов и оборудования квалифицированным специалистам;
2. Храните газовый баллон в проветриваемом помещении, только в вертикальном положении;
3. Воздержитесь от замены газового баллона при наличии рядом огня, горячих углей, включенных электроприборов;
4. Храните неиспользуемые баллоны (заправленные или пустые) вне помещения;
5. Исключите случаи допуска детей к газовым приборам;
6. Соблюдайте последовательность включения газовых приборов: сначала зажгите спичку, а затем откройте подачу газа; Регулярно чистите горелки;
7. Не забудьте закрыть кран баллона по окончании работ;
8. При появлении запаха газа в помещении следует перекрыть кран подачи газа, незамедлительно открыть окна и двери для проветривания помещения, не использовать открытый огонь, не включать электричество и электрические приборы, выдернуть телефонный шнур из розетки.

РАХМАРОВ,
главный специалист ОЧС Сарканского района, капитан гражданской защиты.

ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ



Ыстық әрі құрғақ ауа райы басталғанда өрт шығу қаупі күрт артады. Өзіңізді және табиғатты қорғаңыз! ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- Далада және құрғақ шөптің жанында от жағуға
 - Қоқыс пен құрғақ өсімдіктерді өртеуге
 - Өшірілмеген темекі тұқылдары мен сіріңкені тастауға
- САҚ БОЛЫҢЫЗ:**
- Желді ауа райында ашық отты пайдаланбаңыз
 - Балаларды бақылауда ұстаңыз - оларға оттың қауіптілігін түсіндіріңіз
 - Табиғатта демалғанда жаныңызда су немесе өрт сөндіргіш болсын

ӨРТТІ КӨРСЕҢІЗ:

- Дереву 112 немесе 101 нөміріне қоңырау шалыңыз
 - Өрттің нақты орнын хабарлаңыз
 - Мүмкіндігінше айналадағы адамдарды ескертіңіз
- ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН:**
- Бір ғана ойланбай жасалған әрекет үлкен қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін.

Қарапайым ережелерді сақтау — өмірді сақтайды!

М.САРКУЛОВ,
Сарқан аудандық ТЖБ-нің аға инженері, азаматтық қорғаудың аға лейтенанты.

•Майдангер жазбаларынан

ҚАЗАҚ ДЕГЕН ЕЛІМ БАР



Нұрғали КӨПЕСБАЙҰЛЫ,
Ұлы Отан соғысының ардагері.

Намыс оты

Сақтай біл қазақ елі ерлігінді,
Көрсетіп ту ғып көтер тірлігінді.
Ағат кетсең арманда шоқ басарсың,
Кейбір жау көре алмайды бірлігінді.
Ата-бабаң елдікті сақтап келген,
Сенімін ел-жұртының ақтап келген.
Аманат ұрпақтарға кейінгі деп,
Тізгініңді қолдарыңа мықтап берген.
Замандар ойпаң-тойпаң

болып өткен,

Қуаныш-өкініштер өтіп кеткен.
Өттеген-ай арманның алысын-ай,
Заманы бостандықтың жаңа жеткен.
Сексен алты желтоқсан

қайғы болды,

Қайғырып жанарыңа жасың толды.
Желтоқсан тоқсан бірдің

бостандығы,

Салғаны егеменді даңғыл жолы.
Алатау жел жағыңа қорған тауың,
Шежіре ұрпақтарға болған тауың.
Заманның желтоқсанын тағы көрді,
Тарихтың куәгері асқар тауым.
Болмасаң енді мәңгірт түсінерсің,
Қадірін ел мен жұрттың сен білерсің.
Болмаса енді бірлік тірлігің жоқ,
Болсын-ау қайырымен деп жүрерсің.

Соғыс суреті

Соғыс-соғыс соғыстар,
Болған бұған кім құмар.
Ажалдан басқа не тапты,
Соғысып өткен құрғырлар.
Бұрқылдаған қара шаң,
Не боп кеткен мына маң.
Көкала түтін көк түтін,
Түршігеді шыбын жан.
Қара тұман жер беті,
Бұзылып кеткен келбеті.
Күңіренді қара жер,
Ажал құшып перзенті.
Гүрілдеген соққыдан,
Солқылдайды қара жер.
Өзен болып ақты қан,
Маңдайдан шықты ащы тер.
Алдыңда ажал, артыңда,
Қайғыға батқан қалың ел.
Өзен боп ақты қара қан,
Шыңғырған дауыс, сынып бел.
Қуа берсең қорқақты,
Батыр болар деген бар.
Маған да қалжа сойды ғой,
Бауырлар кегі, тағы бар.
Намыс оты жарқ етті,
Кек көрнеген кеудеме.
Затворға қол сарт етті,
Бөгелме енді, бөгелме.
Сеуіп оқты жібердім,
Ағытып күшін жігердің.
Ажал ұстап қолыма
Мен де жауға түнердім.

Осылай бітті бұл соғыс,
Төрт жыл болған қан төгіс.
Жеңілді жау, біз жеңдік,
Болған жоқ оңай бұл жеңіс.

Жеті өзенім – қуаттым

Жетісу боп аты шыққан өзендерім,
Мөлдір су, күлімдеген көзелдерім.
Дертке шипа, сауларға қуат берген,
Жоқ шығар ренжіген кезеңдерім.
Тудырған ол сендерді Алатауым,
Сусындап шөлі қанған талай қауым.
Айналдым жеті өзенім өмір бойы,
Шөлдетпей сусындатқан

бақша-бауын.

Шежіре Алатаудың тастары да,
Әдемі-ау, сенің тіпті аспаның да.
Өйткені құлының боп ерке өстім,
Суыңды қанып ішіп жас шағымда.
Сен менің байлығымсың, тірегімсің,
Әрқашанда қуанышым, жүрегімсің.
Соғыста арыстандай айбаттандым,
Күш берген әулиемсің, білегімсің,
Өзендер тастан құлап арқыраған,
Семсердей шағылысып,

жарқыраған.

Кезінде жауын жеңіп, ат шалдырған,
Қабанбай, Бөгенбайлар –

батыр бабам.

Еркін еліміз

Дүние жүзі, жарандар,
Біле бермес қазақты.
Ақылы асқан атадан,
Әл-Фараби тумаса.
Қазағыңды кім білген,
Ата жолын ардақтап,
Найзасымен Қобыланды,
Ата жолын қумаса.
Жырын төгіп дарынды,
Бұхар жырау тұрмаса.
Құрманғазы күйлері,
Исатай мен Махамбет,
Қылыш сөзді, жүйелі,
Ереуіл атқа ер салмай,
Жауларынан кек алып,
Жон терісін жонбаса.
Біле бермес қазақты,
Абай ата данышпан,
Әрбір сөзі өнеге,
Болжап білген алыстан.
Ұрпақтарын қолдаса,
Үш бәйтерек асылың,
Сәкен, Ілияс, Бейімбет,
Революция ұшырған,
Көғаршыны қонбаса.
Қазағыңды кім білген,
Бауыржандай батырың,
Найжағайын орнатып,
Гитлердей жауызың,
Өз көрін өзі қазбаса.
Өтсе дағы көп жылдар,
Тайғақ кешу, тар жолдар,
Мойымады қазағым,
Көрсен де өмір азабын.
Құрбандары желтоқсан,
Сексен алты жылдары,
Бастап берді жеңісті,
Болу үшін мемлекет,
Шыбын жанын берісті.
Тоқсан бір жыл желтоқсан,
Бостандық алды қазағым.
Болды жеке мемлекет,
Құртып дұшпан мазағын.
Енді міне біледі,
Дүние жүзі қазақты.
Терезесі тең ел болдық,
Сыпырып тастап азапты,
Қазақ деген елім бар,
Мақтанышпен жырлайын,
Таусылмайтын жырым бар.



Бүгінгі бейбіт күн – КЕШЕГІ ЕРЛІКТИҢ ЖЕМІСІ

«Ер есімі – ел есінде» демекші, биыл күллі адамзат баласы үшін маңызы зор, тарихтың алтын әріптерімен жазылған Ұлы Жеңіске 81 жыл толып отыр. Бұл мереке – сұрапыл соғыстың отын кешіп, бейбіт күнді сыйлаған қаһарман бабаларымыз бен аяулы аналарымыздың алдындағы мәңгілік тағзымымыздың белгісі.

1941-1945 жылдар аралығындағы қатал сынақ халқымыздың бірлігі мен төзімділігін шыңдады. Майдан шебіндегі жауынгерлеріміздің ерлігі мен тылдағы еңбеккерлердің жанқиярлығы бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы болды. Әрбір шаңырақтан аттанған боздақтардың есімі бүгінде тарих беттерінде ғана емес, әрбір қазақстандықтың жүрегінде сақтаулы.

Бүгінгі таңда арамызда жүрген санаулы ардагерлеріміз – тірі тарихтың куәгерлері, өнегелі өмірдің мектебі. Олардың әрбір айтқан естелігі, берген батасы мен көрсеткен үлгісі өскелең ұрпақ үшін таптырмас тәрбие көзі.

Осынау тарихи белес қарсаңында аудан прокуратурасы барша ардагерлерімізге шексіз алғыс білдіреді. Сұрапыл соғыс жылдарында қан майданның алдыңғы шебінде жүріп, Отанды қорғаған, сондай-ақ тылда аянбай еңбек етіп, Жеңіс күнін сыйлаған ата-бабаларымыз бен аяулы аналарымыздың ерлігі – біз үшін әрқашан мақтаныш. Сіздер сыйлаған бейбіт күн мен ашық аспан – бүгінгі ұрпақтың асыл қазынасы.

Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес. Бүгінгі бейбіт күн мен заң үстемдігі орнаған қоғам – сол бір сұрапыл жылдары жанын құрбан еткен және соғыстан соң ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен ардагерлеріміздің арқасы.

Құрметті аудан тұрғындары мен ардагерлер!

Сіздерді келе жатқан Ұлы Жеңістің 81 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Осынау мерейлі мерекеде әр шаңыраққа бақ – береке, амандық пен саулық тілейміз. Ардагерлеріміздің қатары сиремесін, еліміздің іргесі берік, болашағы жарқын болсын.

Сарқан ауданының прокуратурасы.



Ешкім де, ешкіме де ұмытылмас...

Ұлы Жеңіс күні – халқымыз үшін ең қастерлі де мағыналы мерекелердің бірі. Бұл күн жыл сайын 9 мамырда аталып өтеді. 1945 жылы дәл осы күні адамзат тарихында ең сұрапыл соғыстардың бірі – Ұлы Отан соғысы аяқталып, бейбітшілік орнады. Сондықтан бұл күн тек мереке ғана емес, ерлік пен батырлықты еске алатын, өткенге тағзым жасайтын ерекше күн болып саналады.

1941 жылы басталған соғыс төрт жылға созылып, миллиондаған адамның өмірін жалмады. Бұл ауыр кезеңде Кеңес Одағының барлық халқы сияқты қазақ халқы да Отан қорғауға аттанды. Қазақстаннан жүз мыңдаған азамат майданға барып, жауға қарсы шайқасты. Олардың арасында ерлігімен ел есінде қалған батырлар көп болды. Солардың ішінде Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигельдинов, өзіміздің Сарқан ауданымыздың батырлары да аз емес, саны 177-ден асады. Майданда қаншамасы белгісіз, еске алусыз болып кеткені де бар. Осы қаһармандарымыз ел намысын қорғап, кейінгі ұрпаққа үлгі болды.

Соғыс жылдарында тек майдандағы жауынгерлер ғана емес, тылдағы халық та үлкен еңбек етті. Ауылдағы аналар, балалар, қарттар күн-түн демей жұмыс істеп, майданға азық-түлік, киім-кешек және де қажетті заттар жіберіп отырды. Заводтар мен фабрикалар тоқтаусыз жұмыс істеді. Халық, бар қиындыққа төзіп Жеңіс үшін бар күшін салды. Сондықтан Жеңіс күні – бұл халықтың ортақ жеңісі.

Бүгінгі таңда, біз бейбіт аспан астында өмір сүріп, білім алып, армандарымызды жүзеге асырып жатырмыз. Мұның бәрі – сол батыр аталарымыз бен апаларымыздың ерлігі мен төзімділігінің арқасы. Біз олардың ерлігін ешқашан ұмытпауымыз керек. Ардагерлерге құрмет көрсету, олардың еңбегін бағалау – әрбір ұрпақтың міндеті.

Жыл сайын 9 мамырда елімізде түрлі мерекелік шаралар өткізіледі. Адамдар ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, ардагерлерге алғыс айтады. Мектептерде тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, оқушылар батырлардың өмірімен танысады. Бұл – жас ұрпақты отансүйгіштікке, елін құрметтеуге тәрбиелейді.

Ұлы жеңіс күні бізге бейбітшіліктің қаншалықты қымбат екенін түсіндіреді. Соғыс – қайғы мен қасірет әкелетін ауыр кезең. Сондықтан біз әрқашан тыныштықты, бірлікті және татулықты сақтауымыз керек. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, көк туымыз биік болсын. Батырларымыздың ерлігі мәңгі жадымызда сақталады, ал Жеңіс күні ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын қасиетті мереке болып қала береді.

Н. БОКУШБАЕВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві»
КММ Сарқан филиалының архивісті.

• 12 мамыр - Мемлекет және қоғам қайраткері М.Тынышбаевтың туған күні

Тарихты және мәдениетті білмеу өткенімізді ұмыту, кешегі мен бүгінгінің арасындағы туыстық байланысты бағаламау деген сөз. Тиісінше, әрбір келесі ұрпақ өзінің алдындағының мәдени дәстүрлерін сақтап, байытуға міндетті. Мұның тәрбиелік мәні аса маңызды.

Өлкетану ісі мәдениет құрылымының негізгі тармақтарының бірі ретінде әр адамды тарихи қазыналардың тағдырына құрметпен қарауға тәрбиелейді. Баға жетпес қазыналар өз өлкеңнің, қалаңның, ауылыңның, руың мен атаңның тарихында жатыр. Демек, ұрпақ жалғастығы үзілмесін десек, әкелеріміз бен аталарымыздың қолымен жасалған құндылықтарды қастерлеп сақтай білгеніміз абзал.

XX ғасырдың басында Қазақстан әуелі Ресей федерациясының, содан кейін Кеңес Одағының құрамында одақтас республика мәртебесін алған бетте-ақ өлкетану ісі жап-жақсы қалыптаса бастады. Ол кезде өкімет билігі органдарында бұрынғы алашорда көсемдері, қазақтың ұлтшыл оқығандары бар еді. Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхамеджан Тынышбаев, тағы басқа ірі қайраткерлер әуелден-ақ Қазақстанның тарихын жасау ісіне кірісті. Әр аймақтың өзіндік ерекше сипаттарын зерттей отырып, Қазақстанның тұтас бейнесін жасау, оның өте ертеден бері үзілмей келе жатқан мәдени дәстүрлерін қағазға түсіріп қалуға ынталанды. Мұның ең оңтайлы жолы - өлкетану еді. 1920 жылы Орынборда құрылған қазақ өкіметі бірден-ақ өлкетануға мемлекеттік мәртебе беріп, саяси-қоғамдық шара ретінде қалыптастырды.

1920 жылғы сәуірдің 10-ында Кирревком (қазақ өлкесіндегі әскери билік) Ғылыми комиссия құрып, ал қазан айынан бастап Қазақ АССР-ның Халық ағарту комиссариатына қарайтын ғылыми бөлім құрылды. Оған жаңа құрылған республикадағы ғылым, әдебиет пен өнер, мұражайлар мен мұрағаттардың жұмысын үйлестіру, оларды жаңадан құру тапсырылды. Келесі жылы Ғылыми бөлім Халық ағарту комиссариатының Академиялық орталығы болып қайта құрылды. Аталған ұйымдар Қазақстанның барлық өлкесін мейлінше кеңірек қамтуға ыждағатты болды. Бұл жұмысқа Халық ағарту комиссары Ахмет Байтұрсынов тікелей басшылық жасады. Осы кезеңде Мұхтар Әуезов, Мұхамеджан Тынышбаев, Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Санжар Асфендияров, Әбубөкір Диваев, Александр Затаевич сияқты ғалымдар мен басшы қызметкерлер түгелдей өлкетанушылықпен айналысқанын көреміз. Мұның мәнісі - басқа жұмыс жоқтықтан емес, өлке тарихы мен мәдениетінің тағдырына жаны ашығандықтан басталған үлкен азаматтық іс-әрекет еді.

Қақ төрінен орын алар тарихтың, Есімдерін Ерендер мен Алыптың. Жазбау керек қағазға да, басқаға, Жазбау керек, тіпті қара тасқа да, Жазу керек Жүрегіне халықтың! Санасында бас көтеріп сан күдік, Мұны бәлкім, мойындамас өңгүдік... Тұғырына табан тіреп даңқтың, Жазылған сөз Жүрегіне халықтың

Қара тасқа қашалғаннан Мәңгілік, - деп айтулы ақын Жарасқан Әбдірашев жазғандай Мұхамеджан атамның есімі де халық жүрегіне мәңгілік жазылып қалған. Ана жылдары алыптармен бірге қуғын-сүргін кезінде олардың рухани дүниелері де тұтқындалды. 30-40 жыл бойы қаймағын қалқып алған жүдеу әдебиетті, жадау тарихты місе тұттық. Өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан кейін ардақтыларымыздың өздері ақталды, сөздері араға 20-30 жыл салып оқырмандарымен әзер қауышты. Осы сапта Мұхамеджан Тынышбаевтың «Ақтабан-шұбырынды», «Қырғыз-Қазақ халқының тарихына материалдар», «Қырғыз-Қазақтар XVII-XVIII ғасырларда» және ежелгі калалар туралы зерттеулері, шежірелері бар.

Тарихтың төлкегі алауыздықтан туындап отырғанына ары-бергі заманда дәлел көп. Соның бірі бұдан үш жүз жылдай бұрын болған қазақ-жоңғар соғысында халықтың әуелден басы бірікпегені, жойқын ұрыстың алдында үш жүздің үш жаққа шашырап жатқандығы еді. Көрнекті тарихшы Мұхамеджан Тынышбайұлының дерегіне сүйенсек, қалмақтармен арадағы соғыс жеңіске

ТЫНЫШБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ



ұласар тұсында ел екіге бөлініп, бір тобы (Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігі) орыс шекарасына қарай ығысса, екіншілері жаудың ауыр соққысына ұшырап, қытайлар жоңғарларды жойып жібергенге дейінгі 30 жыл ішінде қансыраумен болды.

Жалпы қазақ жұртының тұтасуын қалайтын заманауи оқиғалар тарихта аз кездескен жоқ-ты. Қалмақ атауымен мәлім монғол рулары 1399-1408 жылдарда-ақ бас көтеріп, маңайын ұлардай шұласта бастаған болатын. Олар алғаш керейлерге түре тиісті, 1430 жылы үйсіндер мен қырғыздар жайлаған Ыстықкөлге ат басын тіреді, 1447 жылы Сырдария өңірін қанқасатты.

Арада оншақты жыл өткенде Шағатайлық Сейіт ханның ұлы Рашид хан 1522-1524 жылдары қалмақтарды ойсырата жеңсе, Тәуекел екіге бөліп тастайды.

Қазақ әулеті жаудың тауы шағылды, осымен іс бітті деп, артынша бейғам жатқанға ұқсайды. Олай дейтініміз қалмақтар кейін Еділ өзенінің бойын өрлей шабуылдаған. Қазақтар қуғын-сүргінге ұшырап, Ұлытауға асады. Осы тұста тарих төріне Тәуекел ханның інісі Есім шығады. Ол Ыстықкөлдің шығыс жағындағы қалмақтарға жорық жасап, бірде жеңген, бірде шегінген.

Қалмақ сойқандары XVIII ғасырдың бас кезінде ел тізгінін ұстаған Тәуке ханға да маза бермеген. Ол жігерлі, әскери іске жетік текті адам еді. Дұшпанға қарсы қайратты қимыл ұйымдастыра алды. Қалмақтарды Тәуекел секілді екіге жарып тастап, күшін әлсіретті. Бірақ бұл жеңіс ұзағынан сүйіндірген жоқ. Төукенің ынжық мұрагері Болат ханның тұсында қалмақтар қазақ даласында еркін жортып жүрді.

Тарихшылар қалмақ әскерінің осы кездегі көп жеңісінің бір себебі - оларда зеңбірек болған еді деп жорамалдайды. 1709 жылғы Полтава түбіндегі ұрыста тұтқынға түскен швед артиллериясының сержанты Иоганн Густав Ренат қалмақтарға осындай қаһарлы қаруды құюды үйреткен. Ренат олардың арасында 1733 жылға дейін жүрген.

Осы арада қазақ-қалмақ қонысының шекарасын ажыратып алғанымыз жөн. Олар Ертіс өзені мен Балқаш көлін, Шу мен Таласты бойлай отырды. Тарихи деректерде қалмақтардың 1723 жылы басталған, қазақтарды ақтабан-шұбырындыға ұшыратқан жойқын шабуылына алғаш душар болған Талас пен Арыс өзендерінің орта ағысына дейін жайылған садыр наймандар екені айтылады. Олар басқыншылардың тегеурініне шыдай алмай жеңіледі. Садырдан шыққан Жомарт батырдың тоғыз ұлымен ұрыс үстінде елетіні де осы тұс.

Қалмақтар салған беттен қатты қарсылық көрмей, қазақ жеріне сұғына енді. Ел басы ауған жаққа сенделді. Ұлы жүз бен Орта жүздің шағын бөлігі Ходжентке кетсе, Орта жүздің көбі Самарқанға, Кіші жүз Хиуа мен Бұхараға ығысты. Ал бұл жаққа жол таппай торыққан

арғындардың бір бөлігі жер жағдайына қарай Қаратаудан солтүстік Батысқа, Торғай даласына ағылды. Ал Бетпақдала мен Ұлытауды мекендеген қалың арғын қалмақтардың зардабына көп ұшырай қоймаған.

Босқан елдің ендігі бір легі Жиделі-Байсынға иек артады. Бұл жерде Жиделі деп отырғанымыз - тау, Байсын -шығыс Бұхарадағы қала. Белгілі тарихшы Левшин шұбырған осы елдің жайы туралы былай деп жазады: «Шұбырындының айрылмас серігі - қайыршылану мен аштан қырылу еді. Күн сайын олардың отарлары мен үйірлері азая берді. Сондықтан айыр-бас сауда мүлде тоқтады. Қайыршылық пен қайғы-қасірет бүкіл халықты қамтыған болатын. Біреулері аштан өліп жатса, енді біреулері әйелін, бала-шағасын тастай қашты. Ақырында қашқындар бір жерге тоқтады. Қай жерге дейсіз ғой, көшпелі халыққа мүлде қолайсыз тап-тақыр қудалаға. Мұндай бақытсыздық жағдайда, әрине қазақтар ұзаққа шыдамас еді. Оларға алдарында тұрған екі жамандықтың жеңілдеуін таңдау керек болды. Азып-тозу, ашынғандық өздерінің бұрынғы отанын қайтарып алуды ойлауға, сол үшін күш-қайрат жинауға жұмылдырды. Бастарына төнген қауіп-қатер оларды татуластырып біріктірді де, мақсатты ортақ шешімге келтірді».

Бұл қылаусыз шындық еді, басы сірә да біріге қоймайтын қазақтың енді тас түйін жұмылудан, елді жаудан тізе қосып қорғаудан, алалықты ұмытудан басқа амалы қалған жоқ. Дулат жұртында сақталған әңгімеге сенсек, сол тұста Ұлы жүздің қолы Сырдариядан өтіп, Қазығұрт тауының басындағы Келес Бадам асуынан асады. Орта жүздің әскері солтүстіктен көтеріледі. Кіші жүз Қаратаудың батысынан құйылады. Сөйтіп қалмақтарды ойсырата жеңеді. Соғыс болған жер қалмақтар аңырай қашқандықтан «Аңырақай» атанған. Ол Диваевтың айтуынша Арал теңізінің солтүстігіндегі таудың Алакөл жағы, Итішпес деп аталатын көлдің жаны. Енді бір аңыз бойынша Аңырақай бұл маңда емес, Балқаштың оңтүстік жақтағы айдынынан 12 шақырым жердегі Итішпес көлінің қасындағы жер. Осы жерде де Алакөл делінетін шығанақ бар. Соның оңтүстігінде «Әбілқайыр», «Сұңғайты» таулары, «Ақсүйексай», «Хантау» көзге ұрынады. Осы тауларда болған адам «Үлкенордақонған», «Кішіордақонған» шатқалдарын табар еді. Бұл хандар шатырлары тігілген жерлер. Ендеше шындыққа өбден жанасымды.

Тарихшы М.Тынышбайұлы «Ақтабан-шұбырынды» атты мақаласында Шымкенттен 30 шақырым жердегі Ордабасы тауына назар аударады. «Боралдай және Қошқарата өзендерінің бас жағындағы Арқарлы тауында «Үлкенордақонған», «Кішіордақонған» деген екі шатқал бар, - дейді ғалым. - Әулиеатаның шығысындағы Ақыртөбе және Подгорный станцияларының қарсы алдында «Сұңғайты», «Әбілқайыр» деген екі сай бар. Шабуылға шыққан үш топтың кездесуі біздіңше Ордабасы тауында өтті. Алатау мен Қаратау қоршаған, Арыс пен Бадам өзендері өтетін түйетайлы, ойлы-қырлы далаға айналады. Аса биік болмаса да, Ордабасы тауынан сол маңайдың бәрі алақанға салғандай көрініп тұрады.

Арыстанды, әйтпесе Шаян ойпаттарынан көтерілгенде, көзге бірден осы Ордабасы шоқысы шалынады. Енді бұған Ордабасының көгалдай кілемін, Ордабасының артындағы көп сайларға қазақтардың қалың қолы жасырылуы мүмкіндігін қоссақ - бұл жерде қазақтардың негізгі күші жиылған бас қосыны болғаны өзінен өзі түсінікті. Осы жерде қазақтардың өзара ант берісіп бас қолбасы етіп Әбілқайыр ханды сайлағанына, халық дәстүрі бойынша іс оңға басу үшін құрбандыққа ақбозаттың шалынғанына біз тіпті сенімдіміз».

Ғалым бұл сенімін Левшиннің деректерімен дәйектейді. Ал академик

Манаш Қозыбаев «Ел - ебелек емес, ер кебенек емес» деген мақаласында «1730 жылы тамыз айының аяғында Іле өзенінің Аңырақай ағысының тұсында қазақ жасағы жауды жеңіп, ұлы жеңіске жетеді», - деп жазады. Осы мақалада XVIII ғасырдың 20 жылдарының басында (1723ж.) жоңғарлардың бір қолы Тарбағатай, Сауыр жоталарын асып, екіншісі Тұрпаннан шығып, Жоңғар-қақпасынан өтіп, Итішпес-Алакөл маңында соғысты» деген жолдар бар. Аңырақай Іленің ертеден бар бір ағысы. Итішпесте жоңғарлармен Қаракерей Қабанбай батыр шайқасқан. Міне, осының барлығын тарихшы бабамыз біліктілікпен бағамдап, зерттеуіне азық еткен.

1924-25 жылдары Орыс Географиялық қоғамының Түркістан бөлімшесінде оқылған қазақ халқының тарихына қатысты баяндамасында Мұхамеджан ғалым туған елінің түп-тамырын зерделеуге талпынғандар арасынан Вельяминов-Зерновтың және Левшиннің зерттеулерін негізді деп таниды. Осы авторлардың қазақтанудағы жетістіктерін, кемшіліктерін саралай келіп, қазақ руларының шығу тегіне терең бойлайды, үш жүздің басты тармақтарын тарата келіп, бауырлас халықтармен байланыстыратын туыстық желілерін қозғайды. Орыс тілінде тұңғыш рет қазақ руларының ұрандары мен таңбалары хатқа түседі, қазақ тарихындағы елеулі тұлғалардың түп-тамырынан бастап, бүкіл үш жүздің шежіресі түзіледі.

Мұндай көз майын жеп, жүйкені тауысарлықтай ауыр міндетті тарихшы, тіл маманы емес инженер Тынышбаевтың атқарғаны қалай? Ескі мен жаңа алмасып, өткеннің бәрін қаралап жатқан тұста тарих тереңіне бойлау кім үшін қажет болды?

Тарихқа тіл бітіру, ескі қалалардың тылсымдарына үңілу еріккеннің ермегі емес еді. Күні кеше ғана тәуелсіз мемлекет құруды мақсат тұтқан, халқына қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырған тұлға аумалы-төкпелі заман ырқымен кеңес құрамына енген елінің ертеңі тұлдыр болмауын басты мақсат тұтты. Сол үшін өткеннің өнегесін тірілтуге талпынды. Жақсылардың-жайсандардың, батырлардың-бағландардың, хандардың-сұлтандардың тарихын көзі ашық жастардың рухын ояту үшін тізбеледі. «Біз етек-жеңін ежелден жинаған елміз, біз дала демократиясына бағынған, билікті сыйлап, шешендікті бағалап, ұлыларды даралай білген елміз. Біз тексіз емеспіз, түп-тамырымыз ежелгі қуатты түрік мемлекетімен сабақтас», - деп сыр шертеді Мұхамеджан атамның мұралары. Демек, М.Тынышбаевтың тарихи еңбектерінің оның ұрпақ алдында атқарған толағай істерінің бір тарауы деп қабылдауымыз керек.

Келісті де күрделі тағдыр иесінің Қазақ елі тәуелсіздігіне сіңірген еңбегі зор.

Біріншіден - 1907 жылғы Ресейдің Мемлекеттік Думасына Жетісу облысынан сайланып, басқа да далалық өкілдермен бірге патша үкіметінің отаршылдық - аграрлық саясатына қарсы сөз сөйлеген халық депутаты;

Екіншіден - елінің еңсесін түзеу үшін атқа қонған Алашорда үкіметінің белді мүшесі;

Үшіншіден - шерлі шежіремізді қағазға түсірген иманы түзу тарихшы;

Төртіншіден - Қазақстан ғана емес, бүкіл Орта Азияда шойын жолдардың төселуіне ұйтық болған дарынды инженер;

Бесіншіден - бүкіл Түркісіб бойындағы шағын бекеттер мен елді мекендерге тарихи атауларын қайтарып берген өлкетанушы.

Еліміздің еңселі тұлғаларымен рухтанған келер ұрпақ Тәуелсіздік, Тарих және Тынышбаев деген ұлы ғұымды санасына сіңіріп өсетін болады.

... Бүрісіп ызғарлардан, Салқындардан, Маңдырап қоңыр қозың - халқың қалған. Жұлдызы Темірқазық мұңайып тұр, Сәулесі сағыныштай жалқынданған.

Қасыңа қатар қонып, Арнап барған, Айналдың жарық жұлдыз - Саңлақтардан.

Биіктен бізге қарап: «Тәуба!» деші,

Ел-жұртың аман бүгін аңырап қалған!...

Жомарт ИГІМАН.

Жетісу облысында «Жетісу» волейбол клубының 25 жылдығына орай және ерлер мен әйелдер командаларының 2025–2026 жылғы маусымда жоғары нәтижелер көрсетуіне байланысты волейболшыларға құрмет көрсетілді. Іс-шараға келген жас спортшыларға клуб ойыншыларының қолтаңбасы қойылған 1 мыңдай доп таратылып, мастер класс ұйымдастырылды. Клуб мүшелерін облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтап, марапаттар тапсырды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорғандағы «Жастар» Спорт сарайында өткен салтанатты шараға волейболдан ерлер мен әйелдер командалары және қосалқы құрамдары, спорт ардагерлері, түрлі халықаралық турнирлердің жеңімпаздары, жас спортшылар – жалпы саны 1500 адам қатысты.

Спортшыларды мерейлі жылмен және жеңістерімен облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады. Ол «Жетісу» әйелдер командасының осы маусымда оныншы мәрте чемпионы болғанын, ал ерлер командасының ел чемпионатын, Кубогы мен Суперкубогын ұтып алғанын тілге тиек етіп, барлық клуб мүшелеріне алғысын жеткізді. Сол сияқты болашақ спортшыларды тәрбиелеу ісіне де назар аударды.

- Биылғы кездесудің мән-мағынасы тіпті терең. Себебі осы жылы кәсіби «Жетісу» волейбол клубының құрылғанына 25 жыл толып отыр. Бұл кезең жарқын жеңістерге толы болды және өз ісін адал атқаратын мықты тұлғаларды қалыптастырды. Осы уақыт ішінде «Жетісу» клубы өңіріміздің спорттық мақтанышына, чемпиондар мектебіне және жүйелі дамудың айқын үлгісіне айналды. Біз тек командалар дайындап қана қоймаймыз, біз жыл сайын бәсекеге қабілетті спортшыларды тәрбиелейтін жүйе қалыптастырып отырмыз. Біз алдағы уақытта да спортшыларды дайындауға қолайлы жағдай жасап, инфрақұрылымды жаңғыртып, кәсіби



"Жетісу" Волейбол клубына - 25 жыл

клубтар мен балалар мен жасөспірімдер спортын қолдауды жалғастырамыз. Біздің мақсатымыз — болашақ чемпиондардың туған жерінде өсіп-өнуі, - деген Б. Исабаев мұнан соң марапаттау рәсімін атқарды. Атап айтқанда, «Жетісу» волейбол клубының бас жаттықтырушысы Марат Адрышевке «Құрмет» ордені, «Жетісу» ерлер командасының ойыншысы Айбек Жақсылықовқа, әйелдер командасының ойыншысы Валерия Якутинаға Президенттің Алғысы және төсбелгісі, сол сияқты клубтың бірқатар мүшелеріне Президенттің Алғысы, облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

Марапатталушылар атынан сөз алған клубтың бас жаттықтырушысы Марат Адрышев:

- Бізге берілген марапат үшін шын жүректен алғыс айтамын. Бұл біз үшін үлкен мәртебе және болашақта жаңа жеңістерге жетуге қуат береді. Маған сенім артқан басшылыққа, қолдау көрсеткен ұжымға рақмет. Бұл – біздің ортақ жеңісіміз, - деді ол.

Осы басқосуда жас спортшылар клуб жаттықтырушылары мен ойыншыларына өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өзара ой алмасты.

Кездесуге келген клуб мүшелерін сөзге тарттық.

- Жасөспірім кезімнен осы «Жастар» Спорт сарайында әртүрлі жас санатында волейболдан жаттығып өстім. 2016 жылдан «Жетісу» волейбол құрамасының сапында ойыншы болдым. Кейін мансабымды жаттықтырушы ретінде жалғастырдым. Қазір ұлттық құрамада ассистент-статистикпін. Бүгінгі күні Жетісу волейболы жақсы қарқынмен дамып келеді. Осы маусымда ел чемпионатын, Кубогын, Суперкубогын ұттық. Бұл ерлер командасының тарихында болмаған. Бұл жеңіске біз жиналған тәжірибенің, жасалған қолайлы жағдайдың және тынымсыз жаттығудың арқасында жеттік, - деді «Жетісу» ерлер командасының аналитик-статистигі Марлен Айтжанов.

«Жастар» Спорт сарайында келген оқушылардың бірі Балнұр Ерланқызы

бүгінгі шараның мән-маңызы туралы өз пікірін білдірді:

- Талдықорған қаласындағы № 18 мектептің 8 «ә» сыныбында оқимын. Волейбол клубындағы үйірмеге қатысып жүргеніме 5 жыл болды. Бүгінге дейін бірнеше рет 2012-2013 жылғы жасөспірімдер арасындағы жарыстардан жұлделі орындар алдық. «Жетісу» кәсіби волейбол командаларының чемпионаттағы ойындарын сайттардан, телеарнадан тамашалап отырдық. Олар жеңіске жеткенде біз де қуандық. Бүгінгі кездесуге асыға келдім, қолтаңба қойылған доп алдым. Мұндай жүздесулер бізге үлкен мотивация береді. Болашақта осы аға-әпкелеріміз секілді мықты спортшы болғым келеді, - дейді жас волейболшы Б. Ерланқызы.

Кездесу соңы Д. Рақышев атындағы облыстық филармония әншілерінің мерекелік концертімен түйінделді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Фотограф: Дмитрий ЕРОФЕЕВ.



ЕРЕКШЕ ӘСЕРМЕН ОРАЛДЫ

2026 жыл. 22–27 сәуір. Астана, «Таза Қазақстан» форумы. Бұл күндері Сарқан Политехникалық колледжінің 2 курс білімгері Ульяна Богуш үшін ерекше әсерге толы болды. Сарқан политехникалық колледжінің эко-волонтері әрі «Ассамблея жастары» ұйымының жетекшісі ретінде Астана қаласында өткен республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық форумы аясындағы іс-шараларға қатысқан біздің білімгеріміз осынау ауқымды шара барысында еліміздің түкпір-түкпірінен келген белсенді жастармен танысып, экологияны қорғау бағытындағы жаңа идеялар мен бастамаларға куә болып қайтты. Өрбір кездесу, өрбір пікір алмасу Ульяна Андрейқызын ерекше жігерлендіріп, табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін одан әрі арттырғандығы сөзсіз.

Ульянаның айтуы бойынша ең есте қаларлық сәттердің бірі – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевпен кездесу мүмкіндігі болған. Бұл шара қатысушыларына үлкен мәртебе әрі шабыт сыйлаған.

Зор әсермен оралған Ульяна Андрейқызы: - Осы орайда колледж басшысы Дармишев Ерлан Ерұзақұлына, басшының оқу – тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Өмірбекова Анаргүл Өмірбекқызына, Сарқан жастары ресурстық орталығының жетекшісі Жантасов Бауржан Алдабергенұлына шын жүректен үлкен рақмет айтқым келеді. Сіздердің қолдауларыңыз бен көмектеріңіздің арқасында осындай үлкен жетістіктерге жетіп жүрміз. Өрқашан мені алға тартып, «жарайсың» деп жігер бергендеріңіз үшін ерекше алғыс айтамын! Форум менің алдыма жаңа мақсаттар қойып, алдағы жұмыстарыма тың серпін берді, - дейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен кездесіп, жарқын болашаққа деген сенімі нығайған Ульяна шынайы көңілден ұстаздар мен тәлімгерлердің сенімі мен бағыт-бағдары әрдайым күш-қуат беретіндігін, әрі Сарқан Политехникалық колледжінде білім мен біліктілік алуы өзіне зор мәртебе мен үлкен бақыт санайтындығын үлкен тебіреніспен жеткізді. Алдағы уақытта да эковолонтер, студенттік ассамблеяның жетекшісі, оқу үздігі, белсендіміз Ульяна Богуш біздің үкілі үмітімізді ақтап, одан да биік белестерді бағындырады деген сеніміміз мол.

А.ӨМІРБЕКОВА,

Сарқан Политехникалық колледж директорының оқу - тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

Аудан тұрғындарының назарына!

Құрметті, Сарқан ауданының тұрғындары, 2026 жылғы 15 мамыр «Халықаралық отбасы күні» – мен 15 маусым күндері аралығында жыл сайынғы «Мерейлі отбасы – 2026» ұлттық байқауына қатысу үшін өтінімдерді қабылдау басталды.

•Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды, кәмелетке толған балаларының еңбекке қабілетсіз және егде жастағы ата-аналарына қамқорлығын дәріптеу және кеңінен насихаттауға, Қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттауға бағытталған.

•Конкурсқа еңбекте, спортта, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық пайдалы қызметке қатысатын (волонтерлік, қайырымдылық, меценаттық, тәлімгерлік) Жетісу облысының отбасылары қатыса алады.

•Толық ақпаратты аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінен (телефон нөмірі 8(72839) 21882 алуға болады. #otbasym2026



САРҚАН ФИЛИАЛЫНЫҢ ТУРИСТІК БАҒЫТТАРЫ

Сарқан филиалының туристік бағыттары аймақтың табиғи, тарихи және мәдени өлеуетін тиімді пайдалануға бағытталған. Филиал қызметі өңірдегі өрікті жерлерді жүйелеп, туристерге қолжетімді әрі тартымды маршруттар ұсынуды көздейді. Негізгі бағыттар қатарына табиғи ландшафттармен танысу, тарихи-мәдени ескерткіштерді аралау және экологиялық туризмді дамыту жатады.



Сарқан өңірі өзінің өсем табиғатымен, таулы аймақтарымен және таза су көздерімен ерекшеленеді. Осыған байланысты жаяу серуендеу, этнотуризм және демалыс турлары кеңінен ұйымдастырылады. Сонымен қатар, филиал жергілікті халықтың дәстүрі мен тұрмысын таныстыру арқылы мәдени туризмді ілгерілетуде.

Жалпы, Сарқан филиалының туристік бағыттары аймақтың экономикалық дамуына ықпал етіп, ішкі және сыртқы туризмді дамытуға маңызды үлес қосады.

А. TAKEEV,
Сарқан филиалы 41-ші айналым мемлекеттік инспекторы.

РӘМІЗДЕР – ЕЛ РУХЫНЫҢ АЙНАСЫ

Әрбір тәуелсіз мемлекеттің өз болмысын танытатын қасиетті белгілері болады. Олар – Ту, Елтаңба және Әнұран. Бұл рәміздер халқымыздың тарихын, мәдениетін, арман-мұратын білдіреді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – егемендігіміздің басты нышаны, ұлттық мақтанышымыздың символы.

Көк байрағымыз – бейбітшілік пен бірліктің белгісі. Тудың көгілдір түсі ашық аспанды, тыныш өмірді, татулықты білдіреді. Алтын күн – молшылық пен берекенің нышаны болса, қыран бүркіт – еркіндік пен биік мақсаттың белгісі. Тудың сол жағындағы ұлттық өрнек халқымыздың бай мәдениетін танытады.

Елтаңбамыз – ел бірлігінің көрінісі. Оның ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ – ортақ үйіміз Қазақстанның символы. Одан тараған уықтар ел ішіндегі ынтымақ пен татулықты білдіреді. Қанатты пырақтар – болашаққа ұмтылыс пен күш-қайраттың белгісі.

Ал Әнұран – халқымыздың рухын көтеретін қасиетті ән. Ол орындалғанда әр азаматтың жүрегінде туған елге деген сүйіспеншілік оянады. Әнұран шырқалған сәтте әркім Отан алдындағы жауапкершілігін сезінеді.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың парызы. Оларды қадірлеу арқылы біз Отанымызды, тәуелсіздігімізді құрметтейміз. Жас ұрпақ бойында рәміздерге деген құрмет пен патриоттық сезімді қалыптастыру – баршамыздың міндетіміз.

Рәміздер – ел рухының айнасы іспетті. Оларды ардақтау – туған жерге деген сүйіспеншіліктің айқын көрінісі. Тәуелсіз еліміздің тұғыры биік, болашағы жарқын болуы үшін әр азамат мемлекеттік рәміздерді ерекше қастерлеуі тиіс. Себебі рәміздерге құрмет – елге құрмет, тарихқа тағзым, келешекке сенім. Сондықтан қасиетті нысандарымызды көздің қарашығындай сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ету – қасиетті борышымыз.

А.АУЕЛБЕКОВА,

Жетісу облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Сарқан аудандық филиалының мемлекеттік тіл курсының оқытушысы.

Совершенствование системы социальной защиты

Министерством труда и социальной защиты населения Республики Казахстан на постоянной основе проводится работа по совершенствованию системы социальной защиты лиц с инвалидностью.

Основная цель - повышение качества, доступности и эффективности реабилитации, с ориентацией на реальные потребности человека.

В апреле текущего года внесены изменения в приказ - пересмотрена Методика определения гарантированной суммы, предоставляемой в качестве возмещения стоимости технических средств реабилитации, предоставляемых лицам с инвалидностью через Портал социальных услуг.

В новой Методике гарантированная сумма будет исчисляться с учетом данных портала социальных услуг и данных электронного магазина.

В этой связи, проводится интеграция портала социальных услуг с цифровыми системами Министерства финансов для получения агрегированных данных электронных торговых площадок по рыночной стоимости товаров.

В дальнейшем, планируется автоматическое формирование гарантированной суммы на основе полученных реальных рыночных данных цифровых платформ без ручного вмешательства. Это обеспечивает прозрачность, объективность и единый подход.

Ключевыми ожидаемыми эффектами будут:

- внедрение полной цифровизации процесса формирования стоимости ТСР,
- исключение человеческого фактора и субъективности,
- обеспечение справедливого ценообразования;
- рациональное использование бюджетных средств.

В основу изменений предусмотрены: повышение доступности, качества реабилитации, рациональность и справедливость системы социальной защиты.

Департамент комитета регулирования и контроля в сфере социальной защиты населения Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан по области Жетісу.

Охрана диких животных на территории национального парка

Жонгар – Алатауский национальный природный парк один из наиболее живописных парков, находящихся на территории Казахстана. В РГУ «Жонгар – Алатауский» государственной природный парк имеет 3 филиала, один из которых Лепсинский, отличающийся своим биоразнообразием ландшафтов и наличием редких и исчезающих видов животных.

Лепсинский филиал представляет собой многообразие видов диких животных. Здесь обитают жители тайги, степи, а также высокогорья. На территории Лепсинского филиала обитают редкие и исчезающие виды, такие, как: снежный барс, тьянь – шаньский бурый медведь, туркестанская рысь, каменная куница, индикаторные виды: обыкновенная лисица, волк, сибирская косуля (елик), благородный олень (марал), американская норка, серый сурок, барсук, горный козел, а также большое разнообразие птиц.

Перед сотрудниками РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП лежит одна из основных задач - это сохранение и размножение дикой природы парка. Для этого в Лепсинском филиале проводится ряд комплексов природоохранных мероприятий: предотвращение браконьерства, проведение биотехнических мероприятий, заготовка веточного корма, подсолка солонцов, заготовка сена. Важную роль играет мониторинг численности животных. Группами сотрудников национального парка проводится учет численности животных разными способами: визуальный, по следам, на реву, на току, маршрутный пересчет, автомобильный, с применением летательного аппарата (дрон). Немаловажную роль играет научный отдел парка. В журналах фенологических наблюдений государственного инспектора фиксируют все сезоны жизнедеятельности животных: первая и последняя встречи, начало и конец гона, начало и конец линьки, появление молодых, начало и конец миграции и т.д. Все это необходимо для отслеживания закономерности развития и поведения животных в зависимости от времени года и климатических условий. Регулярные записи помогают сотрудникам национального парка анализировать состояние экосистемы, выявлять влияние погодных условий и изменения климата, а также принимать меры по их охране.

Важную роль в сохранении диких животных играет эколого – просветительская деятельность. Сотрудники парка проводят беседы, лекции, акции, где проводят разъяснительные работы по важности бережного отношения к природе.

Создание национальных парков играет важную роль в сохранении дикой природы Казахстана. Все комплексы, проводимые в парках позволяют сохранить уникальные виды животных и поддерживать баланс природных территорий.

РАХУНОВА,

гос.инспектор Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

В рамках природоохранной акции «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу»



Очередной этап экологической эстафеты прошёл на территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар-Алатауский государственный национальный природный парк». Сотрудники филиала организовали посадку деревьев в рамках природоохранных акций «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу», «Марш парков» и «Таза Қазақстан».



К инициативе присоединились представители дома культуры, акимата, спортсмены, студенты, волонтеры, учителя и учащиеся Лепсинской средней школы, а также участники школьного лесничества «Жас орманшы». Общими усилиями они высадили деревья, придавая родному краю новое дыхание.

Участники превратили обычную посадку в значимое событие, где разные сообщества действовали как единый организм, работая на благо села. Новые ели появились на участке перед въездом в Лепсинский сельский округ — в месте, где озеленение давно требует внимания.

Каждое высаженное дерево здесь — это вклад в сохранение природы родного края и шаг к формированию более здоровой и комфортной среды. Хвойные насаждения хорошо приживаются в горных условиях, способствуют очищению воздуха и со временем формируют устойчивый зелёный каркас территории.

В перспективе данный участок может превратиться из обычного пространства в точку притяжения — место для прогулок, отдыха и активного досуга жителей.

В рамках акции посадка хвойных и лиственных деревьев также проведена на территориях кордонов лесничеств, у офиса филиала и на территории спортивной школы-интерната.

Несмотря на прохладную погоду, участники быстро включились в работу и задали бодрый темп мероприятию. Перед началом посадки сотрудники отдела экологического просвещения провели разъяснительную беседу о значимости подобных инициатив. Посадка деревьев стала символическим напоминанием о том, что забота о человеке невозможна без заботы об окружающей среде, в которой он живёт.

Э.РАХИМОВ,

гос.инспектор Лепсинского лесничества Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

Орманды қорғау, бақша зиянкестері және ауруларымен күрес

Табиғат – адамзаттың ең үлкен байлығының бірі. Соның ішінде орман мен бақша экосистемалері ерекше маңызға ие. Орман – ауа тазартушы, климат тұрақтандырушы, ал бақша – адамға азық пен эстетикалық ләззат сыйлайтын орта. Алайда бұл табиғи жүйелерге түрлі зиянкестер мен аурулар үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан оларды қорғау – маңызды міндет. Орманды қорғау – экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың негізгі жолдарының бірі. Орманға қауіп төндіретін негізгі факторлар: заңсыз ағаш кесу, орман өрттері, зиянды жәндіктер мен аурулар, климаттың өзгеруі. Орманды қорғау шаралары мыналарды қамтиды: Өрттің алдын алу – арнайы бақылау жүйелері,

өртке қарсы жолақтар жасау. Қалпына келтіру жұмыстары – ағаш отырғызу, жас көшеттерді күту. Биологиялық бақылау – зиянкестерге қарсы табиғи жауларын пайдалану. Мониторинг – орман жағдайын тұрақты бақылау. Бақша өсімдіктеріне зиян келтіретін жәндіктер мен басқа да организмдер өнімнің сапасы мен көлемін төмендетеді. Ең кең таралған зиянкестер: тля (өсімдік биті), жапырақ жегіш жұлдызқұрттар, қоңыздар, кенелер. Олардың әсері: жапырақтардың сарғаюы, өсімдіктің әлсіреуі, жеміс

өнімінің азаюы. Өсімдік аурулары көбінесе саңырауқұлақтар, бактериялар және вирустар арқылы таралады. Негізгі түрлері: саңырауқұлақ аурулары (мысалы, ұнтақты зең), бактериялық аурулар, вирустық инфекциялар. Белгілері: дақтардың пайда болуы, жапырақтың қурауы, өсудің баяулауы. Күресу жолдарына келсек зиянкестер мен ауруларға қарсы күрестің бірнеше тиімді әдістері бар: 1. Агротехникалық әдістер: дұрыс суару, топырақты өңдеу, ауыспалы егіс жүргізу. 2. Биологиялық әдістер: пайда-

лы жәндіктерді қолдану, биопрепараттар пайдалану. 3. Химиялық әдістер: пестицидтер қолдану (мөлшерін сақтай отырып). 4. Механикалық әдістер: зиянкестерді қолмен жинау, зақымдалған бөліктерді кесу. Орман мен бақшаны қорғау – табиғатты сақтаудың маңызды бөлігі. Зиянкестер мен ауруларға қарсы күресте кешенді тәсіл қолдану қажет. Әр адам табиғатты қорғауға өз үлесін қосса, болашақ ұрпаққа таза әрі бай экожүйе қалдыра аламыз.

М.БЕКБОЛАТОВ,

"Жоңғар Алатауы" МҰТП РММ Сарқан филиалы Аманбектер орманшылығының орманшысы.



Ардагерді еске алуға арналды

Жуырда Шатырбай ауылында Ұлы Отан соғысы жеңісінің 81 жылдығына орай Чарапиев Төлеубек Орысбайұлын еске алуға арналған волейболдан облыстық турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті. Аталған жарыс – ел қорғаған ерлердің ерлігін ұлықтап, олардың есімін жас ұрпақ жадында мәңгі сақтау мақсатында өткізілген тағылымды шаралардың бірі болды.

Турнирге жан жақтан келген үздік командалар қатысып, өзара тартысты ойын өрнегін көрсетті. Қатысушылар жарыс барысында тек спорттық шеберліктерін ғана емес, ұйымшылдық пен достық қарым-қатынастың үлгісін де танытты. Әр ойын жоғары қарқынмен өтіп, жанкүйерлерге ерекше әсер сыйлады.

Салтанатты ашылу рәсімінде ардагердің өмір жолы мен майдандағы ерлігі туралы тағылымды естеліктер айтылып, оның ел үшін жасаған қызметі ерекше құрметпен атап өтілді. Сонымен қатар, қатысушылар мен көрермендер майдангер рухына тағзым етіп, бір минут үнсіздік жариялады.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар келесідей бөлінді:

I орынды Шатырбай командасы иеленіп, 300 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. Жеңімпаздарды марапаттауды Чарапиев Тұратбек Төлеубекұлы жүргізді.

II орынды Қарғалы командасы алып, 200 мың теңге ақшалай сыйлық табыстады. Сыйлықты Смаилханов Балтабек Құрметжанұлы табыстады.

III орынды Сарқан командасы жеңіп алып, 100 мың теңге ақшалай сыйлыққа ие болды. Марапатты Чарапиев Сәрсенбек Төлеубекұлы табыстады.

Ұйымдастырушылар мұндай турнирлердің өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда маңызы зор екенін атап өтті.

Өз тілшіміз.

Сен туған күн, мерекеліен!

Балалықтың бал дәмін бірге татып, тайқұлындай бірге тебісіп өскен, кластасымыз әрі досымыз Туркебаев Берікбай Мақатайұлы 10 мамыр күні 60 жасқа толады. Мамыражай мамыр сияқты жан-жағына шуағын, мейірімін шашып жүретін, төңірегіне сыйлы, айналасына абыройлы досымызға «Бір жылда бірге туған, асыл досым, Тойлатар алпыс жасың құтты болсын!» дей келе шын жүректен ізгі ниетімізді ақтарамыз.

Адам баласының өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жас 60-тың орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың тал түс аталуы бекер емес-ау. Осындай ақыл мен парасат жарасқан, немеренің қызығына тоймайтын ерекше шақта мерейтойың құтты, денсаулығың мықты болсын, шаңырағың шаттықпен шырайланып, әулетің берекеге толсын дейміз!

Туған күнде нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!
Мерейтойлық жасқа кеп шаттанасың,
Әлі талай шыңдардан бақ табасың.
Шын жүректен бәріміз құттықтаймыз,
Көш керуенің ешқашан тоқтамасын!

Ізгі тілекпен: кластас - достары.



ШЫНАЙЫ АЛҒЫСЫМДЫ БІЛДІРЕМІН



Сарқан қаласына іргелес қоныс тепкен, береке-бірлігі жарасқан Алмалы ауылында көптеген мемлекеттік мекемелер мүлтіксіз жұмыс жасап, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде. Солардың қатарында ауыл адамдарының денсаулығын қадағалап, науқастарға дер кезінде тиісті ем-домын жасап, ел алғысына бөленіп жүрген Алмалы амбулаториясын бөле-жара ерекше атап өткім келеді.

Сүйікті дәрігеріміз Жәнібек Жансая Жәнібекқызы басшылық ететін осынау ұжымдағы ақ халатты абзал жандар жыл он екі ай, күн демей, түн демей халықтың денсаулығын қорғау жолында аянбай қызмет етіп келеді. Өрбір науқасқа жылы жүзбен, мейіріммен қарап, кәсіби біліктіліктерін танытып, уақытылы көмек көрсетіп жүрген осынау медицина қызметкерлеріне ауыл тұрғындары дән риза.

Әсіресе, соңғы уақытта амбулатория тарапынан көрсетіліп жатқан медициналық қызмет сапасының артуы, науқастарға деген жанашырлық пен жауапкершіліктің жоғары деңгейде болуы көңіл қуантады, ертеңімізге деген сенім ұялатады. Ауылдық амбулатория қызметкерлерінің адам өміріне деген қамқорлығы – олардың мамандыққа деген адалдығының айқын көрінісі деуге болады.

Сондықтан ауылымыздағы амбулатория ұжымының ерен еңбегі, қалтқысыз қызметі зор құрметке лайық. Осындай игі істері үшін амбулатория ұжымына ауыл тұрғындары атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Еңбектеріңіз елене берсін, абыройларыңыз арта берсін! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!

Ұлжан МАЙТАСОВА,
Алмалы ауылының тұрғыны.

Хабарландыру/ Объявление

► **Баймуханов Асхат Салибаевичтің** атына тіркелген 1979 жылғы ЗИЛ ММЗ 554 маркалы автокөліктің (760 BCV 05 мемлекеттік тіркеу номерлі) BV 00141741 нөмірлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
► **Омаров Бейбіт Сайрамғалиұлының** атына Алматы облыстық Полиция департаментінен 2018 жылы берілген «В, С1» категориялы BU 151016 нөмірлі жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
► 2006 жылғы Faw Ca 1010a1 маркалы термобудкалы автокөліктің 503 EEA 02 мемлекеттік тіркеу номері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.
► Открылось наследство после смерти **Заводного Виктора Николаевича**. Наследников просим обратиться к нотариусу Алиевой Асем Избасаровне по адресу г.Сарқан, ул. Чепрасова дом № 56 возле Казпочты.

ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗІЛДІ

2026 жылдың 01 мамырдағы № 16 (95174) ауданның қоғамдық-саяси «Сарқан» газетіне жарияланған конкурсқа шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімінде төмендегідей түзетулер енгізілді

Черкасск ауылдық округінен шығарылған № 9 лот 20 га тәлім егістік, округ әкімінің хаты негізінде (мал жайылымына арналуына) алынып тасталсын.

ВНЕСЕНЫ ПОПРАВКИ

В районной общественно-политической газете «Сарқан» №16 (95174) от 01 мая 2026 года в опубликованный перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, в которые выставляемых на конкурс, внесены следующие поправки

Выставленный из Черкасского сельского округа Лот № 9 площадью 20 га богарной пашни, исключить на основании письма акима округа (на пастбище скота).

ЕСКЕ АЛУ

Пограничник орта мектебінің 1976 жылғы түлектері өмірден өткен аяулы достарымызды сағынышпен, құрметпен еске алады.

Олар: **Закенов Алтынбек, Ақбаев Темірхан, Искаков Туатай, Мықтыбеков Тілектес, Судірбаев Болат, Сейдахметова Күлжәкіш, Сейдахметов Нұрмұқан, Тоқтарбаев Молдабай, Смағұлов Амантай, Оңғарбеков Асқар, Сулейменова Құралай, Көпбаев Суат, Мукушев Бейбіт, Башаев Мұқаш, Нұрғазин Серік, Молғеждаров Манарбек, Алдекенова Күлди, Кулбекова Гулнәзи.**

Олардың жарқын бейнесі, жылы жүздері мен бірге өткен балалық шақтың тәтті естеліктері жүрегімізде мәңгі сақталады. Уақыт алға жылжыған сайын, олардың орны ерекше сезіліп, сағыныш сазы тереңдей түседі.

Тағдырдың кім көнбейді салғанына,

Жеткізбеген кімдерді арманына...

Бұл күндерге жете алмай кеткен ерте,

Қатарластар — мәңгі жүрек жадында.

Аруақтарына тағзым етіп, дұға бағыштаймыз.

Жандары жәннатта болсын.

Сағына еске алушылар: Пограничник орта мектебінің 1976 жылғы түлектері.